

*КГУ «Средняя школа №15»*

*«Реализация потенциала содержания  
образования в целях духовно –  
нравственного воспитания учащихся на  
уроках казахского языка в вечерней школе»*

*Из опыта работы учителя казахского языка  
Байбосыновой Касиет Абдуалиевны*

*„Именно через образование мы хотим возродить в нашем обществе нравственно-духовные ценности, чтобы каждый человек мог в полной мере реализовать заложенные в нем от рождения способности и тем самым принести пользу не только нашему государству, но и всем людям на Земле”*

*Назарбаева Сара Алтысовна*

## Байлық (“Богатство”)

Бір жарлы жігіт жас күнінде өзін оқытқан ұстазына жолығып, өзінің бұл күнде кедей екенін айтып, мұңын шақты. Онымен бірге оқыған серіктерінің көбі бай болып, кейбіреулері жұртқа қадірлі кісі болып кеткенде, өзінің әрқашан көрген күні жоқшылық екенін айтады.

- Қалайша сен өзің айтқандай кедейсің? – деді ұстазы. – Сенің денің сау, қол-аяғың аман, жұмысқа жарарлықсың, - және шәкіртінің оң қолын көрсетіп сұрады: - сен мына қолыңды мың сомға кестіруге рұқсат етер ме едің?

- Құдай сақтасын! Он мың сомға да кестірмеспін! – деді жігіт.

- Қаншаға берер едің жарық дүниені көретұғын қырағы көздеріңді, сақ құлақтарыңды, мықты аяқтарыңды? – деді ұстаз.

- Мен бұларды дүниенің малына айырбастамас едім, - деді шәкірт. Сонда ұстаз шәкіртке:

- Қалайша енді осынша байлыққа ие бола тұрып, жарлымын дейсің? – деді.

(М. Дулатов)

# Сөздіктен жұмыс (словарная работа)

Мұңын шақты	Изливал душу
Жарлы жігіт	Бедный (неимущий) парень
Мықты аяқтар	Сильные ноги
Қадірлі кісі	Уважаемый человек
Дені сау	Здоров
Байлық	Богатство
Қырағы көздер	Зоркие глаза
Жоқшылық	Нищета, бедность



## Байлық (“Богатство”)

Бір жарлы жігіт жас күнінде өзін оқытқан ұстазына жолығып, өзінің бұл күнде кедей екенін айтып, мұңын шақты. Онымен бірге оқыған серіктерінің көбі бай болып, кейбіреулері жұртқа қадірлі кісі болып кеткенде, өзінің әрқашан көрген күні жоқшылық екенін айтады.

- Қалайша сен өзің айтқандай кедейсің? – деді ұстазы. – Сенің денің сау, қол-аяғың аман, жұмысқа жарарлықсың, - және шәкіртінің оң қолын көрсетіп сұрады: - сен мына қолыңды мың сомға кестіруге рұқсат етер ме едің?

- Құдай сақтасын! Он мың сомға да кестірмеспін! – деді жігіт.

- Қаншаға берер едің жарық дүниені көретұғын қырағы көздеріңді, сақ құлақтарыңды, мықты аяқтарыңды? – деді ұстаз.

- Мен бұларды дүниенің малына айырбастамас едім, - деді шәкірт. Сонда ұстаз шәкіртке:

- Қалайша енді осынша байлыққа ие бола тұрып, жарлымын дейсің? – деді.

(М. Дулатов)

# Мәтінге байланысты сұрақтар (вопросы по тексту)

- ❖ Мәтін не туралы? (Байлық)
- ❖ Негізгі кейіпкерлері кімдер? (жігіт пен ұстаз)
- ❖ Шәкірт ұстазына не деп мұңын шақты?
- ❖ Ұстаз бен шәкірттің арасындағы диалогті рөлге бөліп оқыңдар.
- ❖ Автордың негізгі ойы не? Ол мұнымен не айтқысы келді?

# Карточкамен жұмыс (работа по карточкам)

## Карточка № 1

Бірінші бағандағы сөздер мен сөз тіркестеріне екінші бағаннан антонимдерді тауып сәйкестендір.

- |                |              |
|----------------|--------------|
| 1. Бай         | 1. Әлсіз     |
| 2. Жарлы жігіт | 2. Тоқшылық  |
| 3. Мықты       | 3. Бай жігіт |
| 4. Жоқшылық    | 4. Ауру      |
| 5. Дені сау    | 5. Кедей     |



## Карточка № 2

Дұрыс – бұрыстығын белгіле:

	Мәтін бойынша сөйлемдер	Иә	Жоқ
1	<i>Сенің денің сау, қол-аяғың аман, жұмысқа жарарлықсың.</i>	+	
2	<i>Мен бұларды дүниенің малына айырбастар едім.</i>		+
3	<i>Он мың сомға да кестірмеспін!</i>	+	

### Карточка № 3

Қажетті сөздерді орнына қойып, мақалдарды толықтыр, мағынасын аш.

1. Басты байлық –
2. Жарлы болсаң да, .... бол
3. Жоқтық ұят емес, .... мұрат емес
4. Он екі мүшең сау болса .... деме,  
Жаныңда жараң болмаса, зарлымын деме.

1. жарлымын
2. денсаулық
3. арлы
4. тоқтық



## Мақал – мәтелдер (пословицы и поговорки)

Жақсылық еккен алғыс орады	(Сеющий добро, благодарность пожнёт)
Малыңа сүйенбе, арыңа сүйен опирайся)	(На богатство не полагайся, а на совесть)
Жарлы болсаң да, арлы бол	(Пусть и беден, но будь честен)
Ақылды арын қорғайды,	Умный честь свою оберегает,
Сараң малын қорғайды	Скупой скот свой оберегает.
Малым - жанымның садақасы,	(Богатством жертвуй ради жизни,
жаным - арымның садақасы	жизнью жертвуй ради чести)

### Сұрақтарға жауап беріңдер (Ответьте на вопросы):

1. Мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер? ( Как вы понимаете смысл пословицы?)
2. Мақал неге үйретеді? (Чему учит пословица?)
3. Сендерге осы қасиеттер қаншалықты маңызды? (Насколько важны для вас эти качества?)

## **Нақыл сөздер (Крылатые выражения и слова назидания )**

**Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады. (Әл-Фараби)**

**Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады. (В. Сухомлинский)**

**Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі. (Ыбырай Алтынсарин)**

**Ақылды әрі адал адамға жақындауға талпын. Ақылды әрі өтірікші адамнан сақ бол. Адал әрі ақымақ адамды ая.**

# Абай Құнанбаев («Ғылым таппай мақтанба...»)

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,  
Құмарланып шаттанба,  
Ойнап босқа күлуге.  
Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол,  
Адам болам десеңіз.  
Тілеуің, өмірің алдыңда,

Оған қайғы жесеңіз.

Сұрақ -жауап

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ

Бес дұшпанын, білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым, ойлап қой –

ой, қанағат, рақым/

Бес асыл іс, көнсеңіз.

4. Өлеңдегі бес асыл істі тауып, дәптерге жазып қойыңдар.

5. «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба» деп неге айтып отыр?

# Тірек- сызбалар (опорные схемы)



**Адам бойындағы  
асыл қасиеттер**

**шыдамдылық  
терпеливость**

**білімділік  
образован-ть**

**отансүйгіштік  
патриотизм**


**сыйластық  
уважение**

**еңбекқорлық  
трудолюбие**

**мәдениеттілік  
культурность**

**адамгершілік  
человечность**







Творческие  
работы  
учащихся





Виды работ:  
индивидуальная  
,  
парная,  
групповая.





20/05/2014



23/05/2014



# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ


Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік Елтаңбасы

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік Гимні

Сөзін жазғандар:  
Жұмалиев Нәжімеген  
Ибраһимов Нұрлыбай  
Мұқатаев Мұхтар  
Қалыңбек

Алтын қанат  
Ақыл  
Ақпарат  
Ақпарат  
Ақпарат





Назарларыңызға  
рахмет!